



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

забытого эпоса о хане Ишпакае». Здесь интересны имя и фамилия аспиранта – Ант-урган в переводе с казахского означает «нарушивший клятву», а фамилия Сумдук-улы – «сын ужаса, коварства, подвоха». Первую часть эпоса он записал со слов 97-летнего брахицефала (короткоголового), который умер в прошлом году (следовательно, достоверность текста проверить невозможно), а вторую часть – со слов 96-летнего колхозника-долихоцефала (длинноголового) Махамбета Субботина, скончавшегося на днях (тоже проверить невозможно). Из текста эпоса была «убрана фраза «и славу пушки грохотали», как несоответствующая материальному колориту бронзового века». Эпос был напечатан в журнале «Вопросы иш-кузства» и, несомненно, его прочтут «огузологи, скифологи, ассирологи, урологи, иронисты».

Иронию можно выявить и в таких стихах, как «Про Асана Невезучего», «Сентиментальный мулла Рахметуллы», «Ах, мед, Асан!», «В нашем ауле был сапожник» и т.д. Ср. приемы, используемые в стихотворении «Серая мисс»: мать называет мышонка соколиком, коты, оказывается, рождаются не только от котов, но и «даже овцы окотились» и собаки щенились не щенками, кутятами, таким образом, «размножается за счет Собаки/ Кот./ Докотились!..», «хорошо еще, что утки не котятся./ Хорошо еще, что слон/ пока мужчина». Мышонку, чтобы выжить надо развивать «свое МЫШление/ и МЫШцы», только тогда коты услышат «Мой Мышонок на котов охотой/ вышел!».

В целом произведения О. Сулейменова всегда содержат глубокий смысл, глубокий подтекст, для понимания которого необходимы соответствующие фоновые знания, читательская зоркость и интуиция, так как они многослойны.

Как это получается у автора? Об это он сам говорит: главное – «видеть в обыденном вечное – это одна из особенностей литературы. Когда пишешь, об этой задаче не думаешь. Если же получается, то невольно» [5, с.6].

Список использованных источников:

1. Сулейменов О. Повторяя в полдень. – Алма-Ата: Жазушы, 1973. – 288 с.
2. Сулейменов О. Определение берега. – Алма-Ата: Жазушы, 1976. – 456 с.
3. Сулейменов О. Трансформация огня. – Алма-Ата: Жалын, 1985. – 240 с.
4. Сулейменов О. АЗиЯ. Эссе, публицистика, стихи, поэмы. – Алма-Ата: Жалын, 1990. – 592 с.
5. Советский энциклопедический словарь. – М., 1981. – 1600 с.

УДК 81'255

ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ СИМВОЛДЫҚ МӘНІ (ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

Әбдірахман Айтолқын Құрашқызы

a.aitolkyn_95@mail.ru

6M020700 – «Аударма ісі» мамандығының 1-нші курс магистранты,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Сәтенова С.К.

Табиғаттағы түр-түстің барлығы әрқашан да бір заттың, құбылыстың түрін, түсін, өң-реңкін, сыртқы сипатын ғана анықтаумен шектелмейді екен. Сонымен қатар түр-түс атаулары мүлдем түр-түске қатысы жоқ, не одан бүгінде тым алыстап кеткен ұғым-түсініктерді, мән-мағыналарды, жөн-жосықтарды білдіретін де қасиеттерге ие. Солардың бірі

– түстердің символикалық қасиеті.

Символика о баста көне гректердің «*symbolon*» сөзінен шығып, бүгінде «әр түрлі идеяны, түсінікті, ұғымды, ойды, сезімді, іс-әрекетті білдіретін шартты белгілердің жиынтығы» деген мағына береді [1, 73-74 б.].

Түр-түстер символикасы жайында қазақ ғалымдары жан-жақты зерттеулер жүргізіп, өз ойларын ортаға салады. Көрнекті ғалым Ә.Марғұлан түр-түстердің символдық мәні жайында: «Көк түс – көкке табынудың, аспанның символы, қызыл – оттың, күннің, ақ – шындықтың, қуаныштың, бақыттың, сары – ақыл-ойдың, қара – жердің, жасыл – көктемнің, жастықтың символы», – деп мифологиялық тұрғыдан қарастырса [2, 256 б.], академик Ә.Қайдар, Б.Өмірбеков, З.Ахтамбердиевалар «Сырға толы түр мен түс» атты еңбектерінде түр-түстердің семантикасы, зерттелу тарихы жайына тоқтала отырып, түр-түстің физикалық сыры мен өмірде, өндірісте, тіліміздегі қолданылуын кеңінен сөз етеді [3, 94 б.]. Қазақтың мәдениетін зерттеуші Ислам Айбарша: «Түр-түсті білдірер символдар жүйесі қандай да болмасын ұлттың дәстүрлі дүниетанымының негізгі танымдық кодтарының бірі болып табылады» [4, 21 б.], - дейді.

Әрбір халық, этностық топ түстердің түрлеріне қатысты белгілі бір ұғымдар мен түсініктерді қалыптастыруға, оларға өзіндік мән-мағына беруге тырысады. Түр-түстер арқылы қабылданған мұндай шартты символдық мәні бар белгілер ең алдымен сол әлеуметтік топтың, ру-тайпалардың, елдің, мемлекеттің, халықтың өздерін басқа топтардан, тайпалардан, халықтар мен мемлекеттерден айрықша етіп көрсету мақсатынан, оларға ұқсас болмай, қайткен күнде де олардан ерекшелену әрекетінен туған деп жорамалдауға болады.

Осы орайда біз халықтардың, соның ішінде түркі халықтарының басынан өткен ұзақ тарихы мен ұлттық дәстүрлеріне, салт-сана, әдет-ғұрыптарына үңілсек, қоғамдық мәнге ие неше алуан түр-түс символикасының қызмет атқарып келгенін көреміз. Ерте кездердегі түркі мемлекеттерінің, хандық- патшалықтарының, ру-тайпа бірлестіктерінің, оның бергі жағында аталас рулардың, іргелес ауыл-аймақтардың өзіндік ру таңбалары мен ұрандары, тулары мен мөрі, сырт киімдері мен қару-жарақтары, эмблемалары мен елтаңбалары, малдарына салатын ен-таңбалары болғаны белгілі. Бұл қоғамдық белгілердің (атрибут) біразына міндетті түрде түр-түстердің де қатысы бар. Оны біз әсіресе эмблема, елтаңба, жалау-тулардан көбірек кездестіреміз [5, 72 б.]. Әрбір этностық топтың, халықтың өз дәстүріне сай түр-түстердің өзіндік мәні анықталып, қоғамдық, әлеуметтік дәрежеге көтеріледі, ол жалпы қауым үшін ортақ ұғым, белгі ретінде таныла бастайды. Міне, осы орайда *ақ* пен *қара* түстің, *қызыл* мен *көк* түстің, *жасыл* мен *сары* түстің т.б. түстердің о бастағы номинативтік (түстік) мағынасынан мүлдем басқа субстантивтік, яғни заттық, материалдық, абстракты ауыс мағына-мәндері дамып, олардың тұрмыста қолданылу шегі кеңейе түседі. Мысалы, *ақ* түс пен *қара* түстерді алып қарасақ, олардың тек қазақ жерінде ғана емес, сонымен қатар ағылшын халықтарында да алуан түрлі символикалық мәнде қолданылғандығын көреміз. *Ақ* түс осы орайда қазақ және ағылшын тілдерінде - “тазалық”, “әділеттілік”, “мейірбандық”, “бейкүнәлік”, “пәктік”, “көңілді өмір салты”, “ағынан жарылу”, “алғашқы адал ниет” т.б. мағынаны аңғартса, *қара* – “қайғы-қасірет”, “ауыр тұрмыстың тауқыметі”, “қаталдық”, “қатыгездік”, “кедейшілік-жалшылық”, “қарапайымдық”, “қалың бұқаралық”, “нәсілі төмендік” т.б. мағыналарды білдіреді.

Ақ үнемі түр-түс ұғымын білдіре бермейді. «*Ақ* атауының *ақ* түске қатысы бола тұрса да, одан алшақтап кеткен, тіпті логика-семантикалық байланысын, қатыстығын мүлдем үзген (метафоралық, метонимиялық) ауыс мағыналары мен символикалық мәнде қолданыстары тілімізде жиі кездесетін құбылыс» [1, 60 б.]. *Ақ* түс – қазақ ұғымындағы ең қасиетті, ең ардақты, ең сүйкімді, ең жұмсақ бояулардың бірі. Сол себепті де *ақ* түс жалпы жақсылық, ізгілік, адамгершілік, пәктік, сүйкімділік секілді ұғымдардың бәрімен де шектесіп, астарласып жатады. Басқаша айтқанда, аталмыш ұғымдардың барлығы да осы *ақ* түспен ассоциацияланады. Мысалы, *ақ* көңіл, *ақ* жүрек, *ақ* ниет, *ақ* тілеу, *ақ* бата, *ақ* өлім, *ақ* жол, *ақ* тамақ, *ақ* білек, *ақ* маңдай, ананың *ақ* сүті тәріздес толып жатқан тұрақты тіркестер ассоциациялық процестің нәтижесінде дүниеге келіп, әбден тұрақталып қалған [6, 47 б.].

Қазақ ұғымында ақ түс игі сезімдердің символы ретінде қызмет атқарады. Қазақ халқы киелі нәрселерді қастерлеуде оларды аққа балап отырған. Айталық, әйел затына да құрметпен қарап «ақ жаулықты ана», «ананың ақ сүтін ақтау адамгершілік парыз» дейтін тіркестер айтылып жатады. Осы негізде «Аққа Құдай жақ», «Ағын су арнасын табады, ақ адам орнын табады», «Ұжданы ақтың – жүзі ақ», «Ақ серке қой бастайды, ақын жігіт той бастайды» дейтін мақалдар да бар. Әсіресе, қазақ ырым-салттары мен әдет-ғұрыптарында көптеп кездесетінін айту керек. Мысалы, сәби жатқан бесікке, «өмір жасы ұзақ болсын, жолы ақ болсын» деген ырыммен ақ байлау нышаны, жаңа түскен келіннің сәукелесіне жұқа ақ желекті ілу, ұлттық сусындар, яғни қымыз, шұбат, сүт сынды тағамдар киелі ұғымдардың символына айналған. Ал ақ түсінің тағы бір мағынасы «тазалық» екені айтпаса да түсінікті болар. Себебі, қазақ ғұрпында да, мұсылман дәстүрінде де кісі қайтыс болғанда ақ түсті матаға (кебінге) кебіндеп, қастерлеп жерлеуде де өзіндік мән жатыр. Ауыспалы мағынасын айтар болсақ, «әлдебір нәрсе араласпаған күйде аттансын, таза қалпында жөнелтілсін» деген ұғым шығады. Демек, ақ түсті қай қырынан алсақ та қазақ үшін қастерлі деп бағамдауға болады.

Ағылшын тілінде ақ түспен қолданылатын тіркестерге мысал келтіретін болсақ, «*white hot*» – впечатляющий, волнующий; таң қалдырарлық, толқытарлық деген мағынада жұмсалады. Қазақ тіліндегі «көңілді өмір салтын» білдіретін символдық мәнге сәйкес келеді. Ақ түске қатысты келесі тіркес «*to mark with a white stone*» (отметить какой-либо день как особо счастливый) – яғни белгілі бір күнді ерекше бақытты, жайлы күн деп көрсету мақсатында ақ сөзімен қоса қолданылады. Келес тіркес «*white lie*» (лож во благо) – яғни игі мақсатта айтылған өтірік сөз дегенді білдіреді. Ал «*white-haired/white-headed boy*» – (любимчик) тіркестері жағымды тұлғаны білдіру үшін қолданылады, мәселен, топтағы ұстаздардың ең сүйікті студентін осы тіркес арқылы беруге болады. Бұдан әрі ағылшын тілінде ақ түстің әділеттіліктің символы ретінде жұмсалатынын байқататын келесі бір тіркес «*to be whiter than white*» – (быть предельно честным, нравственным) тура аудармасы ақтан да ағырақ болу, ол мүмкіндігінше адал да әділ болу, жоғары адамгершілік таныту дегенді білдіреді. Ақ түстің «пәктік, бейкүнәлік» мағынасын ағартатын тіркестерге «*lily-white reputation*» – (незапятнанная репутация) яғни кіршіксіз бедел, не «*white hands*» – (честность, незапятнанность, невиновность) сияқты адалдықты, күнәсіздікті, тазалықты білдіретін тіркестер жетерлік.

Дегенмен, зерттеу барысында ақ түстің әрдайым жағымды мағынада жақсылықтың нышаны ретінде қолданыла бермейтіндігі анықталды. Бұл құбылыс қазақ және ағылшын тілдерінің екеуінде де байқалады. Мысалы, қазақ әдет-ғұрпын жан-жақты зерттеушілердің бірі А.Диваевтың еңбектерінде ертеректегі қазақ дәстүрі бойынша жерлеудің түр-түс символикасына қатысты салты да сөз болады. Одан біз қара, қызыл, соның ішінде ақ түстің де қазаға байланысты синкретикалық қолданысының да болғанын аңғарамыз. Басқаша айтқанда, аталмыш түстердің бәрі қазақ өмірінде қайғылы қазаның, қара тұтынудың символы болып келген, яғни осы түстерге боялған мата, киім-кешек, үй жиһаздары мен тұрмыстық бұйымдардың бәрі де символика атрибуттары болып саналған. Мысалы, күйеуі, не жақын туыстары өлген әйелдің үстіне қара түсті көйлек киіп, басына қара орамал жамылу салтымен қатар, кей жерлерде ақ жамылу салты да болған. Осыған орай, Ғ.Мүсірепов өзінің «Жат қолында» деген романында : «Назыкеш басына ақ жамылып отыр. Қазақ әйелінің қара жамылғаны осы: ақ жамылады... Оң жақ қабырғаға шымылдық құрылыпты. Бұл да қаралының белгісі. Шымылдық ішінде әрине, өлік жатыр», - деп көрсетеді [7, 283 б.]. Бұл ақ түстің қайғылы қаза, азаға байланысты қолданылуының бір көрінісі. Мұндай құбылысты ғылыми тілде түр-түстің символикалық синкретизмі дейді.

Ақ түстің бұндай символикалық синкретизмі ағылшын тілінде де кездесіп жатады. Ағылшын тілді елдерде ақ түс ауру-сырқат, үрей-қорқыныш, жалғыздық және уайымның белгісі ретінде де қолданылады. Мысалы, «*to be/look white as sheet (ghost, death)*» – (очень сильно побледнеть: обычно от страха или волнения); қатты бозару, боп-боз болу дегенді білдіреді. Әдетте, қорқыныш не уайымның салдарынан болып, жағымсыз мағынада

жұмсалады. Келесі ақ сөзді тіркес «to be white-hot» (бать разъяренным, доведенным до белого каления) – қатты ашулану, ашуы қайнау дегенді білдіреді. Ал «white-knuckle» (событие или путешествие, которое вызывает сильное волнение из-за его опасности) деген тіркес қауіпті болуына орай қатты уайымды тудыратын жол, саяхат дегенді білдіреді. Бұл түс, сонымен қатар, қорқақтық ұғымын да білдіреді, мысалы: «white feather/liver» - қорқақ адамға қатысты айтылады.

Түстердің символикалық мәнін сөз еткенде қара түстің қос бірдей қазақ және ағылшын тілінде жағымсыз мағынаны білдіру мақсатында қолданылатыны таңқаларлық жайт емес. Ақ түсіне қарама-қарсы ұғымда айтылатын қара сөзіне тоқталып кететін болсақ, қара түсінің де астарында үлкен таным жатыр. Қазақ халқы қара түсті ұнатпаған, оны қайғы-қасіреттің, жаманшылықтың белгісі ретінде таныған. Әлдебір шаңырақта кісі қайтыс болса, сол үйдің қыз-келіншектері бастарына қара орамал тартқан. Тілімізде *қара жамылды, қаралы күн, қаралы дауыс* және т.б. сөз оралымдары осыған дәлел бола алады. Сондай-ақ қайғыға душар болған үйге қара тігуде де жас ерекшелігі байқалып отырған. Мысалы, орта жастағы адам қайтыс болғанда әйелдері әшекейлерін шешіп, иығына қара жамылған. Егер қайтыс болған кісі жас болса – қызыл, ал қарт кісі үшін – ақ орамал байлайтын салт бар. «Қара жер қарыз арқаламайды», «Қара күн басыңа тумай қара су кешпе», «Жақынды жаралама, алысты қаралама», «Қазанға жолама, қарасы жұғар, Жаманға жолама, жаласы жұғар» және т.б. айтылған мақалдарда да шынайы шындық бар.

Осындай синкретті қолданыстардың орын алуы негізінде қазақ үшін қара түс – қайғы-қасіреттің белгісіне айналған деп айтуға болады. Бұл жайында ғалым Б.Қасымның пікірін келтіре кеткен жөн: «*Қара* сөзінің архисемасына зер салсақ, көне түркі тілінің өзінде бірнеше мағынасы болған. Ал моңғол тіліндегі *хар* сөзі қазақ тілінде қара сөзінің мағыналық жағынан үйлесіп, сәйкес келеді. Көне түркі тілінде де, моңғол тілінде де және басқа түркі халықтарының тілінде негізгі мағынасы мен кейінгі мағыналы дамуы бірдей деуге болады. Барлық тілде де жалаң, күрделі түрде де қолданылған. Көне жазба ескерткіштегі: 1. Қара (түс); 2. Түнек (жарық жоқ); 3. Ауыс. бақытсыздық, сәтсіздік, қайғылы; 4. Ауыс. жамандық, қара көңіл; 5. Ауыс. күнделікті, жай; 6. Лас» [8, 97 б.].

Әйтсе де, кейде қара түсінің ұлт дүниетанымында «қасиетті» деген екінші мағынасы қолданылып жатады. Айталық, «қасиетті қара өлең», «қара домбыра», «қара шаңырақ» дейтін тіркестер бар. Мысалы, С.Қондыбайдың «Қаралы көш» шығармасында: «Олары өзге қыздан бөлінгенде байқалды. Бастарына еркектің бас киімін киіпті. Қара мақпалмен тыстаған жұқа қара елтірі тымақтары бар. Қыз кимейтін бас киімнің артын алдына келтіріп теріс киіпті.» [9, 209 б.]. Бұл үзіндіде С.Қондыбай қара түсін байлықтың символы деп атап өткен. Оны біз қара орман тіркесі жайлы айтылған болжамнан да көре аламыз. Р.Сыздықова қара орманды «мал, мүлік» деп айтқан. «Қара орман тіркесі қазақ тілінде «мал, мүлік» деген мағынаны білдіретіндігі В.Радлов сөздігінде де көрсетілген [10]. Өткен ғасырдағы өзге сөздіктерде қазақ тіліндегі *қара орман* тіркесін «барша байлық» деп танытады [11]. Шындығында да мұндағы *орман* сөзі біздің түсінігіміздегі ағаш өскен орман емес, контекстке қарай, В.Радлов көрсеткендей, «мал-мүлік» деген ұғымда түсінуге болады». *Қара орман* тіркесі негізінен, байырғы мағынасында ертедегі халық өлеңдері мен ақын-жыраулардың тілінде ұшырасады:

Барсаң, сәлем айта бар,

Ата мекен анаға.

Жаудан аман жан қалса,

Қара орман малым садаға

Қатын-бала *қара орман*

Баршасын жауға қалдырған.

Құрулы жатқан жебеге

Құрсағынан шалдырған... [12, 451 б.].

Қара түсіне байланысты төмендегідей тіркестер тізбегін беруге болады:

Ақ жерден қара болды. Босқа күйді, жазықсыз жапа шекті.

Қара аруақ. миф. Киелі, қасиетті аруақ, ата-бабаның әріден келе жатқан киелі рухы.

Қара басты. а) Адасты, жаңылды; ә) Жолы болмады, ісі оңбады.

Қара дақ. Жағымсыз, ұнамсыз іс, қылық, сезімнің, т.б. қалдырған теріс әсері, көңілге келтірілген, түскен қаяу.

Қара жапты. Жала жапты, жамандық таңды.

Қара жау. Қас дұшпан.

Қара жер айырды. Өлді, қаза болды [12, 756 б.].

Қара түс - көптеген мәдениеттерде сияқты ағылшындар үшін де өлімнің символы. Олардың дәстүрінде адам қайтыс болған кезде жерлеуге келгендердің барлығы қара түсті киім киеді. Бұл түс өзімен бірге ылғи жамандық пен қастандықты алып жүреді. Мәселен, келесі тіркестерден қара түстің жамандықтың белгісі ретінде қолданылатынын байқау қиын емес:

«*black dog*» – қатты жабырқау, жаман көңіл-күй, уайым-қайғы.

«*black and blue*» – соққы алған, көгерген.

«*black eye*» – а) көгерген көз; б) ауызекі тілде ұят, маскара.

«*black as hell*» (night, pitch, myhat) – қара түнек.

«*black as ink*» - күйе сияқты қара – көңілсіз, жабыңқы, жабырқаулы.

«*black in the face*» – күреңіту, қызару, ашудан күреңітіп кету.

«*to put up a black*» - үлкен қателік жасау.

«*black frost*» - көк тайғақ.

«*black sheep*» (of a family) – біреудің маңдайға біткен соры.

«*black looks*» -- жақтырмаған, қас көзқарас.

«*black art*» – қара сикыр.

«*black hand*» – қарақшылар тобы [13, 44-51 б.].

Ағылшын тілінде қара түстің жамандықты, жағымсыз мағынаны көрсету үшін қолданылған мақалдар да аз емес. Мәселен, «The devil is not so black as he is painted» - «Не так страшен чёрт, как его малюют» – қазақ тіліндегі «Қорыққанға қос көрінеді» деген мақалға сәйкес келеді. «Two blacks do not make a white» мақалы орысша «Отплата злом за зло добра не делает», яғни қазақ тіліндегі «Таспен атқанды аспен ат» деген мақалға жақын. Келесі мақалдарда «Every white has its black», «Every bean has its black» қара түсін жақсы нәрсеге дақ түсіру, қаралау мақсатында қолданған. Орыс тілінде бұлар «В белом всегда можно найти черное» немесе «Каждый боб имеет червоточину» секілді эквиваленттерге ие болса, қазақ тілінде адамның мінсіз емес екенін көрсету мақсатымен жұмсалатын «Ханның қызында да қателіктер кездеседі» деген мақалға сәйкес келеді.

Түс атауларының аудармада берілуіне алғаш назар аударған ғалым А. Алдашева түс атаулары лингвомәдени ерекшеліктерді айқын көрсететін топ деп санайды. Автор халықтардың ұлттық-этникалық айырмашылықтарының басты концептісі, антропологиялық негізі – адам дей отырып, «көз» ұғымына қатысты лексемалардың орыс тілінен қазақ тіліне аударылуын талдайды. «Екі тілді номинациялау әлеуетін қатар қойғанда, - деп жазады А. Алдашева, – түс атауларын білдіретін тілдік бірліктердің нақпа-нақ баламалары қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамынан оңай табылады. Антропологиялық белгілерді көрсетуде *көк көз*, *қоңыр көз*, *қара көз* номинациялары қолданылады; қазақ тілінің құрылымы үшін алайда *ашық көз*, *жасыл көз*, *сұр көз* деген синтагмалық қатарларды түзу тән емес. ... Мысалы, *көк* сөзі заттың түр-түсін білдіру жағынан ұлттық ойлау стереотипіне тән белгілері бар лексема. Түркі тілдерінің бірқатарында, оның ішінде қазақ тілінде де айнала қоршаған ортадағы саналуан объектінің түсі, бояу *көк* сөзі арқылы беріледі: *көк аспан*, *көк мұнар*, *көкжиек*, *көгал*, *көк тұман*, *көк шөп*, *көк шай*, *көкөніс*, *көк алма*, *көк базар*, *жер көгерді*, *көк шықты*. Бірақ бұларды аударуда фондық ақпаратқа көңіл бөлуге тура келеді» [14, 145 б.]. Ал ағылшын тіліне келер болсақ, *dark eyes*, *hazel eyes*, *green eyes*, *grey eyes* тіркестері көзді сипаттауды жиі қолданылады. Мұндағы *dark eyes* қазақ тіліндегі *қара* көзге, ал *green eyes* *көк* көзге сәйкес келеді. Ал *hazel eyes* тіркесін қазақ тіліне *қоңыр көз* деп аударуға келмейді. Өйткені ағылшын халқы *қой көзді* жандарды сипаттауда осы тіркесті қолданады.

Түр-түс атауларының өзіндік символдық мәнінің пайда болуына қай халықтың болмасын тұрған ортасы, өмір сүру салты, дәстүрі, мәдениеті, жалпы алғанда дүниетанымы әсер етеді. Қандай халықтың символдар жүйесін алып қарасақ та, жалпы адамзатқа ортақ символдарды кездестіреміз. Соған қарамастан, түр-түс атауларының жеке бір тілге ғана тән символдық мәні болады. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі түр-түс атауларының атқаратын қызметі, білдіретін мағынасы сан алуан. Бұған ең алдымен, жеке адамдардың өзін қоршаған табиғи түрлі түстер мен реңктерге көзқарасы, оларды сезінуі мен қабылдауы әр түрлі болатыны себеп болғаны сөзсіз.

Қорытындылай келгенде, тілдегі түр-түстердің әр алуан мән-мағыналары сол тілді танып-білуде, әлемнің тілдік бейнесін жасауда өте маңызды рөл атқарады. Сол себепті түр-түс атауларын, олардың символдық мәнін және аудармада берілуін зерттеу қашан да маңыздылығын жоймайтын мәселелер қатарына жатады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қайдаров Ә., Өмірбеков Б., Ахтамбердиева З. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
2. Маргулан А. Казахское народное прикладное искусство. – Алматы, 1986. – Т. 1. – 256 б.
3. Қайдаров Ә., Өмірбеков Б., Ахтамбердиева З. Сырға толы түр мен түс. – Алматы: Қазақстан, 1986. – 95 б.
4. Ислам А. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті: фил.ғыл.док... дисс.авторефераты. – Алматы, 2004. 21 б. – 251 б.
5. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991.
6. Ахметжанова Ф.Р., Қайырбаева Қ.Т. Тұрақты сөз тіркестері құрамындағы түр-түс атаулары // Қазақстан-2030: региональные проблемы научно-технического прогресса. – Усть-Каменогорск: Изд-во ВКТУ, 1998. – 173 б.
7. Мүсірепов Ғ. Жат қолында. – Алматы: Жазушы, 1984.
8. Қасым Б.Қ. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым. – Алматы, 2001. – 506 б. – Б. 97.
9. Ғалымбекқызы Қ.С. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық бейнелілігі (Ғ.Мұстафин, С.Мұқанов шығармалары негізінде): филол.ғыл.канд... дисс. – Алматы, 2006. – 143 б. – Б. 100.
10. Радлов В. Опыт словаря тюркских наречий. Т 2 / В.В. Радлова. – СПб.: Имп. акад. наук, 1899. – 1814 с. – С. 64.
11. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен. – СПб, 1870. ч. III. – 1260 с.
12. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлер жүйесі. Энциклопедия. 3-том. К-Қ. – Алматы: DPS6 2011 (иллюстрацияланған).
13. Hyamson A.M. A Dictionary of English Phrases. 1922. Paperback. August 10, 2009.
14. Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы: Арыс, 1998. – 243 б.